

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ

ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

Қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша
4 курс студенті

Жақсыбаева Ботакөздің

КУРС ЖҰМЫСЫ

Тақырып: **ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Нөкіс- 2014 ж

**Тақырып: Төлеген Айбергенов поэзиясының көркемдік
ерекшеліктері**

Жоспар:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

Төлеген Айбергеновтың өлеңдеріндегі жаңашылдық

Ақын лирикасындағы Отан, туған жер ізгілік тақырыптар

III. Қорытынды

IV Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

Сөз өнері әрбір халықтың ұлттық мақтанышы, рухани дүниесі мен өмірінің көркем шежіресі болса, осы өнерде бейнеленген ұлттық дәстүр мен ел тағдыры тарихы бізді қызықтыра түседі.

Ал поэзия болса адамзатты мәдениетке, әдебиетке баулитын жанырдың бірі.

Қазіргі дәуірімізде қазақ әдебиеті жапырағын кеңінен жайып, кемелденіп, өсіп дамыған саялы бақ болса, сол бақтың бір бұтағы болған Төлеген Айбергеновтың шығармаларының қазақ поэзиясында алатын орны ерекше.

Өйткені, ол өзінің аз ғана ғұмырының ішінде, көркем өнердің қай түрі болса да өзінің ізденімпаздығымен, сөз зергерлігімен шебер игере білген.

Төлеген Айбергенов поэзиясы аса бір сырлы сурет пен жазылған нағыз ақын туындылығының бірі.

Қурыс жұмысымыздың тақырыбы ақын «Төлеген Айбергенов поэзиясының көркемдік» ерекшеліктері, тақырыбында бірнеше жоспарларды түзіп өттім.

Негізгі бөлімде ақынның өлеңдеріндегі жаңашылдық деп атадым, себебі поэзияда орны ерекше ақын Төлегеннің жаңашылдығы айқын көрініп сезіліп тұрады.

Ал екінші бөлімінде ақын поэзиясының нағыз асқан шеберлікпен суреттеле білген лирикасына тоқталып өтемін.

Ақын поэзиясының Отан туған жерге деген махаббатынан туындаған өлең қатарларына тоқталып, оған талдау жасаймын.

Соңғы үшінші бөлімінде өте зор поэзияның биік шыңына жете білген ақын өлеңдерінің өзіндік биігі атты бөлімімен аяқталады.

Қорытынды жұмыстың негізгі бөлімдерін Төлеген Айбергеновтың өлеңдеріндегі жаңашылдық тапқырлық өлең тақырыптарына талдау жасау. Екінші бөлімде ақын поэзияның көркемдік ерекшеліктерінің лирика Отан,

туған жер ізгілік тақырыптары жайлы сөз етпек боламыз. Төлеген поэзиясы қазақ әдебиеті оқырман қауымының нағыз сүйе оқитын туындыларынан саналады. Соң қорыта келе Төлеген поэзиясының сан қырларына соңғы бөлімінде аяқтаймыз. Қазіргі таңда әдебиетіміздің жапырағын кеңінен жайып өсіп дамыған заманда Төлеген Айбергенов поэзиясының көркемдік ерекшеліктері өте көп айтыла келетін тақырыптардың бірі саналады.

Негізгі бөлім

Төлеген Айбергеновтың өлеңдеріндегі жаңашылдық.

Төлегенің әрбір өлеңінен өмір жолын, тағдырын, досқа туысқанға, туған елге махаббатын айқын көреміз. Төлеген өлеңдерінде жалынды жігер, таусылмас қайрат жаңашылдық өмірге деген құштарлық сезімі лапылдап жанады.

Өлеңдеріндегі ішкі музыкалық үнділік, еркін ырғақ, іштей қабысып, сырттай табысып жатқан ұқсас, тегеурінді екпін ақын өлеңдерін биіктете түскендей сезіледі.

Төлегеннің өлеңдерінің көпшілігі, туған жерде жүріп жазылғандықтан, оның әрбір өлеңі, өзді-өзінен көкейден төгілген қарапайым өлеңдер.

Сондықтан, оның туған жер ата-анасының өскен жері Кегейліге арналған өлеңдерінде:

Кегейлім жердің еркесі
Жас жаным толқып тұр менің
Бердақтың сүйген өлкесі
Әжінияз айтқан жыр ма едің?....

деп, Кегейлі Бердақ пен Әжінияз ғана жырлап қойған жоқ, оны қазақтың ақиық ақыны Төлеген бүкіл қазақ еліне танытты.

Төлеген өлеңдерінде өмірге деген құштарлық, пәк сезім, шынайы махаббат иесі анық ете түседі.

Мысалы:

Өмір деген пәк жаралған махаббат
Ғашықтардан жарқылдаған көздері
Ұғынбайтын өз ойынан өзгені,
Өз жүрегін өртейтұғын өз демі,-

деп келіп, өзінің өмірге деген шынайы сезімін ашып, өз ойындағы, өз жүрегіндегі пәк махаббатты дәлелдеп өткен.

Ана мен бала мәселесі сөз болатын өлеңнің өнегесі мал.

«Даналықтың қажеті жоқ сыйлау үшін ананы» деген ақынның ой қорытындысы бәрімізді де ойландырары анық.

Ал екінші өлеңде «Аруананың туған жерге махаббаты» сөз болады. Ботасымен жау қолына түскен Аруана туған жерге, қазығына жету үшін ботасын шайнап өлтіріп, омырауын жасқа толтырып, жеріне тартып отырады екен.

Тағы бір көңіл аударар нәрсе- Төлеген Айбергеновтың өлеңдерінің құрылысы. Қазақ өлеңдері көбінесе 7, 8 және 11 буынды болып келеді.

Ал Төлеген 18-19 буынды өлеңдер жазған. Сөйтіп, ол- өлең құрылысына да жаңалық әкелген ақын.

Аз ғана ғұмырында халқына шынайы поэзияның шырынынан дәм татқызып, терең ой мен мөлдір сезімдерді тек өзіне ғана тән табиғи даралықпен шебер бейнеленген дарынды суреткер ақын.

Төлеген жаңашыл ақын. Оның жаңашылдығы, өлеңдеріндегі мазмұн мен түрдің бір-біріне сай ажыралмас тұтастық тапқандығында. Әрине, жаңа мазмұнға лайықты түр табу дегеніміз- өлеңнің буын санын көбейту немесе азайту емес, жаңа түр табу, ойды терең, сезімді, жақсы ұйқас, ырғақ, екіпін арқылы көрсете білуінде. Өлеңнің жаңа түрі қажеттіліктен тұрады. Проф. Қ. Жұбанов айтқанындай «Абай- ойшыл ақын», өлеңі пікірін, түрі мазмұнын көрсетіп тұрады. Абай лирикасы, грамматикасы ақын өлеңінің мазмұнын көрсетіп тұрады. Оның сөздері мен поэтикасы, тек өлең қалыбына сиярлық ғана болып қоймайды, әрқайсысы үлкен симфония оркестріндегі жеке музыка әспаптары сияқты, өздері күй тартып тұрады да, бәрі қосылып қазіргі күйді шығарады. Ал тақырып болса, соның бәріне дирижер болып тұрады.

Төлеген де мазмұнға деген жаңашылдығы ең алдымен бұрынғы поэзиялық дәстүрге ауыз әдебиеті мен ақындарының творчестволық тәжірибесіне деген, қатынасынан көрінеді.

Төлеген өлеңдерінің көпшілігі қара өлең ұйқасымен жазылған. Ұйқас мәселесінің өзінен-ақ Төлегенге тән табиғи ізденісті көресің.

Ал, Төлеген Айбергенов поэзиясындағы ырғақ мәселесіне келсек, ол ырғаққа күшті мән берген.

Оның рухы өлеңге біткен қайнар қуатты, мазмұнды беруде, ерекше нақыш, өзгеше көрік, өн береді. Мысалы:

Гүл шығады ғой тасқа да,
Тауға да, керек астана
Басқаға сенен айталман
Әнім бұл менің басқа да
Сөздермен сан рет салып қайтарға
Сенім бұл менің жамылған шығар
Жаңғырған басқа тойларға
Жүрісім менің басқа жорғамен шақалаған.

Төлеген нағыз шебер ақын себебі қазақ әдебиетіне жаңашылдық әкелген көрнекі ақындардың бірі.

Төлеген жаңашыл ақын. Өлеңдерінің тақырыптарына назар аударсақ мына бір қатарларын алайық:

«Бір тойым бар» өлеңі

Бір тойым бар болатыны сөзсіз менің
Дәл қай күні екенін айта алмаймын
Бірақ.....бірақ.....
Ешкімді да билетпей қайтармаймын.
Онда ортаға тасталар ұран сондай
Қайталмайды қартың да бір ән салмай
Жиырма бестің бәрін де сабылдыртам
Кемпірлерге қыз күнін сағындыртам....
Сәбилерге ағаны үлгі етемін,
Жеңгейлердің толтырам гүлге етегін.

.... өлең қатарларында әлгі шебер ақын жаза алмаған жаңашылдық адамның өмір белестерінің ең қызығы мол дәурені той жайлы сарынды

жолдармен жаза білген ақын. Немесе мына бір өлең қатарларын ақынның ақын Мұхтар Шахановқа арнаған «Сағыныш» өлеңі.

Сағындым, жаным мен сені!
Көркінді жүрген қуаныш қылып,
мендей ме екен бір ағаң,
Шын інім болсаң, бас бұрма, жаным
өсек-ғайбатқа бораған.

Немесе ақынның мына бір өлеңін алсақ «Қарақалпақ қызыма»

Бүгін ғой жаңбырлатып жақын келдім.
Ұзасам тандайыма татыр демің.
Қағылез кара бала болғанымен,
Жүрегім кәдімгідей ақын менің...

Мен барда армандап қал, аспандап қал,
Балқысын бауырындағы баспалдақтар
Су қылып мойныңды Мойнақ жақтан,
Бір кезде ұшушы ең-ау қасқалдақтар.

дейді ақын жүрегі тола ақындық шабытымен туған елі қарақалпақ қыздарын суреттей отырып, ал ақынның «Ана» жайлы өлеңін оқи отырып:

Арманыңды ақтармын ба жүрегімде тербесем
Айға сіңлі, қарындасың қасиетті Жерге сен.
Мен өзінді теңдесі жоқ құдірет деп түсінем
Сендік қуат мың есе артық Жердің тарту күшінен.

Сұлу әлем, әлем сұлу сен жаратқан адаммен,
Көк жолының қарсылығын қағып тастап барам мен.
Сендік қуат болар бәлкім, басын иді көк маған
Әр кез сенен туғанымды есіме алсам, тоқталам

Ана туралы терең ойлауға ақ сүтін ақтауға баршаны шақырып қалады.
Қажет жерінде қатыгездік пен қаталдық керек десек те,

Адамның заңғар ұлылығын сен сағынышыммен есепте
...деген өлең қатарларынан ақын Төлегеннің өзімен бірге ақындарға арнап
жазған сағыныш өлең қатарларынан көруге болады. Ақын өлеңдері
біршама түрлі тақырыптарда әр-алуан түрлі жазылып шебер суреттеле
білген.

Мысалы: «Апаларым» өлеңін алсақ мен ұлы ем.

Сендер ең үш тамаша елік,
Төртеуміз бір әкенің баласы едік
Төрт тағдыр қайғысы мен қуанышын
Өтсек біз бір омыраудан таласа еміп.

Бар болған кездеріңе сүйінемін,
Жоқ болған күндеріңе күйінемін.
Мен жалпы ақ перзенті болсам керек
Үміті үзілмейтін дүниенің.

-деген жолдарында ақын өмірдегі шындықпен суреттелген туған туыс олар
арасындағы мейірбандық, қимастық. Шынайы достық пен махаббатты
аңғаруымызға болады.

II. Ақын лирикасы Отан, туған жер ізгілік тақырыптары.

Төлегеннің өлеңдерінің көпшілігі, туған жерде жүріп жазылғандықтан, оның әрбір өлеңі, өзді-өзінен көкейден төгілген қарапайым өлеңдер.

Сондықтан оның туған жер, ата-анасының өскен жері Кегейліге арналған өлеңдерінде

Кегейлім жердің еркесі
Жас жаным толқып тұр менің
Бердақтың сүйген өлкесі,
Әжінияз айтқан жыр ма едің?....

деп, Кегейліні Бердақ пен Әжінияз ғана жырлап қойған жоқ, оны қазақтың ақиық ақыны Төлеген бүкіл қазақ еліне танытты. Басқа да туысқан түркі халықтары таныды.

«Болар бала бес жасынан» дегендей, бес жасынан өлең жазған Төлегеннің, алғашқы бала күндерінің бірінде жазылған өлеңнің бірі осы Кегейліге арналады :

Су алған сайда әкемнің
Сырғасы қалған Кегейлі
Сырласы қалған Кегейлі
Мұндасы қалған Кегейлі

дегеніне қарағанда бес жасар баланың түйсігінен әлдеқайда басым, өзінше ерекше «туған феномен» ақын екенін байқатады.

Анаммен тұстас болғандар
Әкеммен қиқу салғандар
Мендегі ыстық сәлемді ал,

Мендегі ыстық арманды ал,- деп, халыққа деген шексіз сүйіспеншілігін білдіреді. Сондықтан Төлеген творчествосының сара жолын қолына қалам алған күндердің өзінде-ақ анықтаған-ды. Оның өзіндік рухын, өзіндік тілін түсінбегендер кейбір шумақтарда мағынасыз, мәнсіз, данғаза сөздің жарқылы деуі мүмкін.

Төлеген өлеңдерінде өмірге деген құштарлық, пәк сезім, шынайы иісі аңқ ете түседі.

Сонымен қатар ақынның «Жалғыз тал қауырсын» атты өлеңінде:

О адамдар перзенті ұлылықтың
Ұлылықтың көзіңнен тілін ұқтым
Өздеріңнен көрдім мен көп ізгілік,

Көкірегімді тербеген теңіз қылып,-деп, адамдарға деген ізгілік ниеті мен шынайы ілтипатын, ұлылыққа теңеп жырлайды.

Төлегеннің туған жерге махаббаты, оның туған елінде жүріп жазған өлеңдерінен айқын байқалады. Ақынның «Кегейлі дәптерінен», «Арал жырлары», «Барса келмес», «Жақсылық жырсысы», «Туған жер», «Арал толқындары», «Қаратау», «Қарақалпақ жырлары», «Әму жағасында», «Мәрияш қарындасқа», «Аруана бауыр дүние», «Ата мекен», «Қоңыратқа», «Туған еліме», «Ауылым», «Үстірт басында», «Өскен жер», және тағы басқа өлеңдері көпшілікті құрайды. Оның әрбірі әртүрлі кезеңде жазылған. Мәселен. «Аруана бауыр дүние» атты өлеңінде психологиялық шындық пен сезімдер, тебіреністерге толы суреттер кеңінен жырлаған.

Мәселен,

Аруана жаудың қолына түссе ботасын шайнап өлтіріп
Қаралы мойынын бұрмастай қайтадан халге келтіріп
Жеріне тартып отырады екен моншақтап, жасы боздаумен,
Омырауын шерге толтырып .

Апталап шерге толтырып.

Апталап,айлап таңдайын мейлі тасбауыр,

Қазығын таппай тоқтамайды екен мәңгілік тіпті күн батсын

Туған жер төсін аңсаумен өткен аруана-бауыр дүние,

Сен маған осынау ақ жүрегіңмен қымбатсын

-дейді .

Мұндағы ақынның адамды аруана түйеге теңеп жырға қосуы да үлкен философиялық ой жатыр. Өйткені адамзатты Отанның елін

сипаттайтын, туған елін ардақтайтын.Өйткені адамзатты Отанның, елін сатпайтын, туған елін ардақтайтын патриоттық сезімге баулиды.

«Сен маған осынау ақ жүрегіңмен қымбатсың» дегенде ондағы ақ пейіл жандардың келбетін суреттесе, ал «Адамдар» атты өлеңінде, олардың елге істеген қызметі, асқан ақылы, күш-қуаты оларға деген кішіпейілдік, ішкі сезім терең суреттеледі. Мысалы:

Гүлістанға айналдырған тақырды
Болат қолдар, алғыр мыйлар ақылды
Сүйемін мен, сүйемін мен сендерді.
Алар делім қалғанынша ақырғы,-дейді ақын.

Бұл ақынның туған жердегі адамдарды, олардың ақ пейілін мадақтап жырлауы болса, ал мына шумағында:

Менің үшін бірдей тілің, жынысың
Көбің ана, көбің ағаінісің,
Достық өскен, ерлік өскен ортаңа,
Енген сайын кеңі түсер тынысым,- деп ақын өз еліндегі түбі

бір туысқан халықтар достығын жырлап өтеді.

Оның образ жасау шеберлігі мол, ақын екендігін мына бір шумақ өлеңінен байқауға болады:

Ойыма бола күннен бермей тыным
«Барсакелмес» жанымды тербейтұғын.
Мен қуанам бүгінгі сол дала үшін
Барған адам келгісі келмейтұғын

Әрине «Барсакелмес» атауы атына лайық қойылған. Дегенмен, ондағы байлықты игерудің қиындығы мен кеткен адамдардың оралмау себептерін ақын үлкен көтеріңкілік оптимистік үмітпен жырға қоса білген.

Ақынның шеберлігі, оның поэзиясының көркемділігін, бейнелігінен көрінеді. Әсіресе оның «Ана» атты өлеңінде:

Арманыңды ақтармын ба, жүрегімде тербесем
Айға сіңлі, қарындассың қасиетті жерге сен

дейді ақын. «Айға сіңлі, қарындассың қасиетті жерге сен» деген жолдарында қаншама тапқырлық, қаншама қуат барын көреміз. «Анама» атты өлеңде:

Өтті анам үш баламның пайғамбары

Үш сәби жүрегімнің сайран бағы,- дейді. Мұнда ақын шындық құбылысты мұнда ақын шындық құбылысты, олардың ішкі мәнін мейлінше жете, сезіне біліп жеткізе бейнеленген. Ақын өз анасын пайғамбары теңеуі арқылы, дүниедегі барлық анаға деген махаббаттың, ішкі сезімнің айқындылығын дәлелдейді.

Төлеген шебер ақын. Ол қандай құбылыстың болса да негізіндегі поэзиялық қасиеттерін таба білетін, әрбір құбылыстың жасырынын құлпын ашып, құпия сырын таба білетін, әрбір жас білген. Төлеген, орынсыз пәлсапаға, дидактикаға, басы артық сөздерге бара бермейтін ақын.

Соңғы екі жолы бос, мазмұнсыз тек ұйқас үшін келіп, соңғысын ой түйіні ретінде жүріп отырады. Мысалы:

Көкірегінде сағыныш барда мұрат та сен де бар жаным,

Алдында тұрған қыраттың саған, көрінбей жаатқан жатқан ар жағын.

Жазира белдер қуанышыңды болмасың мәңгі шектеме

Алдыңнан орман кес-кестеп шықса, сағынышыңмен көктем ет

Ақынның Арал теңізінің ортасында жайласқан «Барсакелмес» атауы бар екенін, және оған барып көрген адамның жоқ екенін баршамызда білеміз. Бірақ ақынның осы «Барсакелместі» жырлауына қарағанда, туған жердің соры мен шөлін, құмы мен суының қадір қымбатын көз алдына келтіресің.

Сүйдім сені мен туған мекенім деп

«Соры бар» сор топырақ шекерім боп

Жанында жүріпін бе, біліпін бе,

Қойнында бай қазына екенін көп,- деп, жері сор болса да
қойның да жатқан қазынасы мен мол елге айналдыра жырлаған мына бір
шумағында:

Кешегі шексіз дала қаймақталған
Мұнайдың ені болдың аймақты алған.
Кейде мен бар бақытым
Табанымның
Астында екен ғой деп ойлап қалам.

Адам кейде өз қасында жүрген адамды, не жолдасын өз бақытым-деп
есептемей қалады. Ал Төлеген болса, теңіздегі байлықты адамға теңеуі
арқылы тілдің көркемдегіш құралдары арқылы шебер суреттеген.

Ақын өлеңінің бұл шумағында шумақ мазмұнға бағынбай тұр.
Осындай кейбір кемшіліктері болмаса, Төлегеннің өлеңдері өзінің
сезімділігі мен, шуақтылығымен құнды.

Сондықтан ақынның қайсы өлеңін оқысаң да дірілмен, ұзақ
толғаныспен оқысың.

Қуатты жерінің күші, сезіміне сезім бойлап, арманыңды асқақтатып
жібереді.

Сол себепті, Т. Айбергенов лирикасы-поэзиясындағы асқақ
лирикалардың бірі болып саналады.

Ақын лирикаларының тақырыптары сан алуан түрлі мал мағынаға
ие.

Мысалы: «Туған жер өлеңі».

О, менің байтақ мекенім
Жанымның қаршығабысы сен.
Шырқағым келіп кетеді.
Жазбаған ән шығарсың сен.
Қызығың тербеуде мені,
Тарқалмас той шығарсың сен.
Тулаған тар кеудедегі

Тумаған ой шығарсың сен.

деп туған жер сағынышын жеткізеді. «Әму жағасында» атты өлеңін алсақ:

Сезімге селің от өріп,
Кеудемде ыстық толды ағын.
Мен тұрмын зорға көтеріп
Толқыған ойдың салмағын.

Жағаңа біткен тола ну,
Қолдарын жатыр бұлғасып.
Аяулым ғой саған бұл ғашық.

Көрісіп төбем, білдің бе,
Болды ғой көкке тигендей.
Ұмыту сені мүмкін бе?
Ұмыту деген сүймеу ғой.

немесе ақынның кіндік қаны тамған елі «Қоңыратқа» өлеңінде

Жанымды жақсы үмітке шамдыратын
Аймағым, кіндік кескен Қоңыратым
Атыңды айтқан сайын жас кеудемде
Шабыттың дабылы бар қағылатын.
Көбейтем оқып барып қатарыңды,
Ат салам шығаруға атағыңды.
Сүйгенім сені сүйем, дүниенің
Жартысын алып жатқан Отанымды.

Немесе ақын лирикаларының ішінде махаббат тақырыбында жазылған өлеңдері де аса шеберлікпен суреттеліп келген. Мысалы: «Мені ойла»

Сезім сүйген жүрекке
Сағыну соқпас оңайға
Дегенмен, қалқам, қалайда
Қалт еткен шақта мені ойла.

Тек қана көзге жас алма
Ойлай бер мені күніге
Махаббаттардың қашанда
Ойламау жеткен түбіне.

немесе мына тақырыптағы өлеңін қарайтын болсақ «Махаббат!»

Махаббат! Неткен алып қайратте едің
Мен сені мұншалық деп ойлап па едім.
Тұсаулап, табындатып тағдырымды,
Қолына қара көздің байлап бердің

деп Төлеген нағыз шынайы махаббат тақырыбында қалам таратқан қазақ поэзиясының биік шыңдарына көтерген нағыз лирик ақындардың бірі болып есептеуге болады. Өлеңдерін оқи отырып тебренбей өоя алмайсың.

Қорытынды.

Қорыта айтатын болсақ, Төлегеннің поэзиясының қазақ әдебиетінде алатын орны жалпы қазақ әдебиетінде оқырман қауымына аса бір жаңашылдығы менен ерекше орын иелейді. Төлегеннің әрбір өлеңінен оның өмір жолын тағдырын, досқа туысқанға, туған елге деген махаббатын айқын көреміз. Оның өлеңдері мазмұндылығымен, ойының тереңділігімен құнды. Сондықтан, ақынның өмір сүрген ортасындағы, өмір шындығы әрбір жырында терең жырланады.

Ақынның поэзиядағы образдары шебер суреттеген, оның өлеңдерін оқығанда алдыңызға талай жандардың кескін-келбеті адал бейнелері келіп жатады.

Оның шығармаларында жекелеген типтер емес, адамның сипатын танытатын образдар бар. Ақынның образ жасаудағы шеберлігін мынау өлең шумақтарынан көруімізге болады:

Ер жеткенше, адам боп бастыққанша

Ағалардың көрдік біз достық қанша

Қартайды ғой біз үшін талайлары

Жер бетінде жарар деп жастық қалса,- деген шумақта тұтасымен дәуірдің шындығы екі бірдей толқынның бүкіл тағдырын көреміз.

Төлеген поэзиясы өзінің музыкалық саздылығымен де әуезділігімен де ерекшеленеді. Мысалы: «Ақ ерке Ақ Жайық» атты өлеңінде

Арманым саған ауған,

Самал соқса жағалаудан.

Жүректе тербетілген

Ақ жайығым,

Ақ еркем

Аңсаған ән өлкем

немесе:

Ей сыйлы саз, сырлы саз,

Мөлдіреген Марфуға

Өмір керек тартуға,

Сендей қызға сыйлық аз,- деп, ақын әнге қосқан «Марфуға», «Ақ Жайық» өлеңдерінің музыкалық үйлесімділігі, өлеңнің табиғатында, ішкі ұйқасында жан бар. Бұл ақынның туған шеберлігімен, үлкен мәдениеттің жыршысы сайып келгенде біз қурыстық жұмысымыздың тақырыбы қазақ әдебиетінде поэзияда ерекше орын иелейтін. «Төлеген Айбергеновтың поэзиясының көркемдік ерекшеліктері» жайлы бірқанша талдаулар жүргіздік. Ақын поэзиясының лирика тақырыптары, өлеңдеріндегі қазақ әдебиетінде жаңалық әкелген ұйқас түрлерін жазғандығы жайлы айтып өттік. Біз тақырыпты жазу барысында Кәрібаева А «Көркем шығарманың тілі», Т. Айбергенов «Бір тойым бар», Кәрібаева Б «Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары» еңбектерінен пайдалана отырып, курстық жұмысымызды одан кеңірек ашуға тырыстық. Қорыта келе бұл тақырып жайлы әлі де курстық жұмыстар кеңінен жазылады деген пікірлерімен жұмысымызға қорытынды жасап өттік.

Тезис

Менің курстық жұмысымның тақырыбы «Төлеген Айбергенов поэзиясының көркемдік ерекшеліктері»

Төлеген Айбергенов өмірінің поэзиясының көркемдік ерекшеліктеріне лирикасына тереңрек тоқталып өттім қазақ әдебиетінде поэзиясының өзіндік биігін тереңрек ашып өттім.

Мен бұл тақырыпты жазуда Кәрібаева А. «Көркем шығарманың тілі», Т.Айбергенов «Таңдамалы шығармалары», Қирабаев С «Қазіргі қазақ әдебиеті» еңбектерінен пайдаландым.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. «Көркем шығарманың тілі» Кәрібаева А.Ө Тараз 2009-жыл
2. Т. Айбергенов «Таңдамалы шығармалары» Алматы 1997-жыл
3. Дәдебаев Ж «Қазіргі қазақ әдебиеті» Алматы 2001-жыл
4. Қирабаев С. «Қазіргі қазақ әдебиеті» Алматы 1998-жыл
5. Бердібаев Г «Бес жылдық шығармалар жинағы» Алматы 2005-жыл
6. Кәрібаева Б. «Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары » Астана 2001-жыл
7. Т. Айбергенов «Бір тойым бар» Алматы 2002-жыл.

Web sayttar

www.ziyonet.uz

www.reftoptar.kz

www.ref.kz

Мазмұны

Кіріспе	1
Негізгі бөлім	3
Төлеген Айбергеновтың өлеңдеріндегі жаңашылдық. Ақын лирикасындағы Отан, туған жер ізгілік тақырыптар.....	9
Қорытынды	15
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	17